

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша
Академиялық Комитеттің мәжілісі**

№6 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

16.02.2024 ж.

Қатысқандар:

АК төрайымы:

1.Меирбекова О.Д. - Электр инженериясы кафедрасы, аға оқытушы

АК мүшелері:

2.	Агабекова Актолқын Бекарысовна	- Электр инженериясы кафедрасы, PhD, доцент м.а.
3.	Калимбетова Жансая Сейдахановна	- Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы
4.	Исабеков Жәнібек Назарбекұлы	- Электр инженериясы кафедрасы, PhD, доцент м.а.
5.	Бабахан Шохрух Абдилқасымұлы	- Электр инженериясы кафедрасы, аға оқытушы
6.	Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич	- «КТЗ» АҚ-ның басқарма төрағасы
7.	Қоканбай Ернар Жаксылықұлы	- МЭЭ-211 тобының 2 курс магистранты
8.	Ордабек Аяулым Бағдатқызы	- АӘЭ-011 тобының 4 курс білім алушысы

Қатыснағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қолданыстағы бакалавр және магистратура ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу
2. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу
3. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу
4. Аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визитін үйімдастыру
5. Ақпап айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тындалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы О.Д.Меирбекова: Сәлеметсіздер ме АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: Қолданыстағы бакалавр және магистратура ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу, жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу, жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу, аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визитін үйімдастыру, ақпап айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау болып табылады. Осы мәселелер бойынша жасалып жатқан жұмыстарды талқылап өтсек.

АК мүшесі, Калимбетова Ж.С. бірінші мәселе бойынша: Инженерия және инженерлік іс даярлау бағытына кіретін бакалавр және магистратура ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді. Жұмыс беруші өкілі «Кентау трансформатор зауыты» АҚ-ның басқарма төрағасы Худайбергенов Б.А., Қазақ-неміс политехникалық колледж директоры Сыздыков Н.Ш., сыртқы сарапшы Ф.Дәукеев атындағы энергетика және байланыс университетінің доценті, PhD Абдимуратов Ж.С., ББ мазмұнымен толық танысып сараптама қорытындыларын, PhD Абдимуратов Ж.С., ББ мазмұнымен толық танысып сараптама қорытындыларын, сауалнама нәтижелерін берді. 6B071-Инженерия және инженерлік іс бағыты, оның ішінде

6B07153 – Электр энергетикасы, 6B07154-Автоматтандыру және басқару ББ бойынша ұсынылып отырған білім беру бағдарламасы оқу-танымдық, жеке-тұлғалық, коммуникативтік, кәсіби құзіреттерге негізделіп, олар іштей құрамдас құзіреттерге жіктелген. Білім беру бағдарламасының басты мақсаты білім алып, білім мен дағды машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтікжәне кәсіби біліктілікке - ақпаратты өзі іздел табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде жұмыс істеу және лайықты өмір сұру болып табылады. 6B07153 – Электр энергетикасы, 6B07154-Автоматтандыру және басқару бойынша әзірленген Білім беру бағдарламасы бәсекелестікке қабілетті болашақ маманың кәсіби-теориялық даярлығын арттырудың жолдарын нақты белгілеп берді.

7M07158-Автоматтандыру және басқару және 7M07130-Электр энергетикасы білім беру бағдарламасы бүгінгі болашақ маманың құзырлы даярлығы, ең алдымен мамандығы бойынша ғылыми білімді, сапалы игеруіне байланысты. Оның жоғары оқу орнында жинақтаған теориялық-практикалық білім деңгейінің сапасы-болашақ жас үрпақтың білім көрсеткіші, сондықтан жоғары білім өрнекінде жаңаша моделін құру, білім мазмұнын жаңарту әрекеттік шығармашылық оқуға көшу, білімнің тұлғалық-бағдарлық сипаты басты нәтижелілігіне бағдарлауды жүзеге асыру керек. Білім беру-қогам мүшелерінің адамгершілік-интеллектуалдық, мәдени дамуы кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз оқыту мен тәрбиелеу процесі. 7M07158-Автоматтандыру және басқару және 7M07130-Электр энергетикасы бағыты бойынша ұсынылып отырған білім беру бағдарламасы осы мақсатта әзірленген кәсіби құзыреттерге негізделіп және олар іштей құрамдас құзыреттерге жіктелген. Білім беру бағдарламасы бәсекелестікке қабілетті болашақ маманың кәсіби-теориялық даярлығын арттырудың жолдарын нақты белгілеп беріп отырған, талап деңгейінде әзірленген.

Шешім: Қолданыстағы бакалавр және магистратура бойынша ББ ішкі және сыртқы саралтамадан өтіп, талқыланды.

АК мүшесі, Агабекова А.Б. күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша: 7M07130-«Электр энергетикасы» ББ-да З білім алушы, 7M07158-Автоматтандыру және басқару ББ-да З білім алушы білім алып жатыр. Білім алушыларың барлығы грантта оқиды. Магистранттар контингентін қалыптастыруды бірлескен білім беру бағдарламаларын жасау, жаңа экономика талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын өзектендіру, оқу жоспарларында кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға бағытталған пәндердің болуы және ірі компаниялардың өкілдерін оқу процесіне тарту мәселелері қарастырылуда. Кафедраның белгіленген басым бағыттары негізгінде ішкі және сыртқы факторларды сәйкестендіру барысында ББ-на SWOT талдау жүргізілуде. Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін ББ бағдарламаларын жаңарту процесі жүріп жатыр. Білім беру нәтижелерін анықтаудың заманауи тәсілдері, мониторинг ұйымдастыруға арналған жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс жасалып, тағылымдама өту орындарымен келісім-шарт жасалды.

Шешім: Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудиті өткізілді.

АК мүшесі, Агабекова А.Б. күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша: Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу сұрағы бойынша айтып өтті. Қолданыстағы кафедрага қарасты екі ББ, яғни 7M07130-«Электр энергетикасы» ББ-да З білім алушы, 7M07158-Автоматтандыру және басқару ББ жаңарту мәселесі бойынша жұмыс тобы іс-шаралар, жоспарлар жасалуда. Жоспарда білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту, оқу ресурстары және студенттерді қолдау бойынша жұмыстар жасалып отыр.

Шешім: Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстары жинақталып, зерттелді.

АК мүшесі, Бабахан Ш.А.: Аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визитін ұйымдастыру мәселесі бойынша айтып етті. Аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визиті ақпан айының 20.02.2024-24.02.2024 аралығына жоспарланған. Қолданыстағы 6B07153-Электр энергетикасы және 6B07154-Автоматандыру және басқару ББ бойынша озін-өзі бағалау есебін жасалды, есепке қажетті барлық қосымшалар қамтылды, кафедраның академиялық комитеттің мүшелері, жалпы ОПҚ түгелімен атсалысты. Өзін-өзі бағалау есебі жоғары деңгейде жасалды деп айтуда болады. Аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визитіне аккредиттелетін екі ББ толығымен дайын деп айтуда болады.

Шешім: Аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визиті жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

АК мүшесі Исабеков Ж.Н. Құрметті АК мүшелері ақпан айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды деп есептеуге болады. Қолданыстағы бакалавр және магистратура ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу, жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу, жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу, аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визитін ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде орындалып жатқындығын айтқыдамыз келеді.

Шешім: Ақпан айында атқарылған іс-шаралар қабылдансын.

**6B071 Инженерия және инженерлік іс
даярлау бағыты бойынша
Академиялық комитет төрағасы:**

О.Д.Меирбекова